



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 29 қыркүйектегі
№16-13-24 Д/С*

Құрметті депутаттар!

Шымкент қаласын дамыту мәселелері бойынша депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ақжайық шағын ауданында инженерлік желілерін салу жобасы бойынша 2023 жылғы 26 мамырдағы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар. Сметалық құны 4,5 млрд теңгені құрайды.

150 орындық мүгедектерді оңалту орталығы құрылысы жобасыныңда 2023 жылғы 1 маусымдағы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар. Сметалық құны 14,1 млрд теңгені құрайды.

Тұран шағын ауданындағы мектеп жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы 2022 жылғы 28 қазанда алынды. Сметалық құны 9,5 млрд теңгені құрайды.

Жоғарыда аталған жобалар бойынша бюджеттік өтінімдер бюджетті жоспарлау кезеңінен тыс мерзімде ұсынылғанын ескере отырып, оларды іске асыру үшін қаражат бөлу мәселесі 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде қаралатын болады.

«Қорғас – Алматы – Шымкент – Өзбекстан Республикасының шекарасы VII кезеңі» а/ж реконструкциялауға қатысты және Қонаев көшесінің жалғасын салуға (5 кезең) қатысты

Шымкент қаласының әкімдігі жоғарыда көрсетілген жобалар бойынша ЖСҚ әзірледі және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында оларды іске асыруға барлығы 3,8 млрд теңге (*жалпы қажеттілік 10 млрд теңге*), оның ішінде «Қорғас – Алматы – Шымкент – Өзбекстан Республикасының шекарасы VII кезең» автомобиль жолын реконструкциялауға – 1,2 млрд теңге, Қонаев көшесінің жалғасын салуға (*5 кезең*) – 2,6 млрд теңге көзделген.

Қосымша қаражат бөлу мәселесі 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде қаралатын болады.

Ә. Смайылов